

Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінің «6D020200- Халықаралық қатынастар» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін орындалған Сембаева Жансая Сембайқызының
«Орталық Азияны біріктіру перспективасында Қазақстан - Өзбекстан ынтымақтастығы» атты диссертациясына

ПКІР

Сембаева Жансая Сембайқызының диссертациялық жұмысы қазіргі әлемдік саясат пен халықаралық қатынастардың өзекті тақырыбына арналған. Орталық Азиялық аймақтың консолидациясының үлгісі ретінде Қазақстан мен Өзбекстанның халықаралық ынтымақтастығын зерттеуге алған.

Зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттері жүйелі негізделген. Алдыға қойылған міндеттердің арасында практикалық тәжірибелі көпаспектілік талдау негізінде Орталық Азиядағы консолидациялық үдерістеріне сауалнама нәтижелері барысында сипаттама беруді ерекше атап өтуге болады.

Тақырыптың зерттелуі қазақстандық, Орталық Азиялық ғалымдар мен зерттеушілер, ТМД елдері және шетелдік авторлардың еңбектерін жүйелі түрде, жіті көрсеткен. Зерттеулердің дереккөздік негізі ғылыми қызығушылық тудырады, соның негізінде Қазақстан, Өзбекстан және жалпы Орталық Азияның түрлі проблемалары бойынша алыс және жақын шетел зерттеушілерінің ғылыми еңбектері мен ғылыми жетістіктерінің үлкен қөлемі ғылыми айналымға енгізілді.

Зерттеушінің консолидацияны Орталық Азиядағы кезінде үзілген байланыстарды қайта қалпына келтіруді білдіреді деген тұжырымы ұтымды көрінеді. Бұл докторанттың зерттеу жұмысын басқа еңбектерден ерекше және ұтымды етеді.

Автор нақты дереккөздерді, фактілерді келтіре отырып екі мемлекеттің халықаралық аймақтық ұйымдарда қатысуы төмендегідей қарамақайшылыққа басты назар аударады. Бұл елдердің барлығы ЕурАЗЭҚ толыққанды мүшесі болмасада, осы ұйымның Орталық Азиялық мемлекеттер үшін халықаралық өзара іс – қимылдарының дамуына кедергі тудырса, келесі кезекте аймақтың елдерінің халықаралық ынтымақтастығын екпін беруші фактор ретінде анықтауға болады.

Мұндай тәжірибелі талдау Қазақстан мен Өзбекстанның қазіргі саяси және әлеуметтік-экономикалық өмірінде, оның даму кезеңдерінде өзгеріске ие екендігін көрсетеді.

Қазақстан мен Өзбекстанның консолидациясының тиімді факторы ретінде ұлттық қауіпсіздікпен қамтамасыз ету диссертациялық зерттеу жұмысында толықтай ғылыми негізделген. Әлемдік тәжірибелің көрсетуіне

қарай, әртүрлі саяси жан-жалдарды Орталық Азияның консолидациясы мен халықаралық ынтымақтастығы үдерістері тоқтата алады. Автордың жазуынша, басқада зерттеушілермен қатар 2021 жылы тамыз айындағы Ауғанстандағы жағдай Орталық Азияның консолидациясына әсер етуші фактор болуын анықтайды.

Диссертациялық жұмыстың зерттелу дәрежесі одан әрі біршама кеңінен қарастырылуы керек еді деп ойлаймын. Бірақ бұл ескерту кеңестік сипатта болады және диссертациялық зерттеудің ғылыми деңгейін төмендетпейді.

Практикалық тәжірибелі көпасспектілік талдау, Қазақстанда және Өзбекстанда жүргізілген сауалнама нәтижелері негізінде Орталық Азиядағы консолидациялық үдерістеріне сипаттама беру ғылыми тұрғыдан үлкен қызығушылық тудырады. Сонымен қатар, Қазақстан мен Өзбекстанның халықаралық өзара іс-қимылына, Орталық Азияның консолидациясына тән жана құбылыстар мен ерекшеліктерді анықтауға мүмкіндік берді.

Зерттеу еңбегіндегі Орталық Азияның консолидациясының тұжырымдалған теориялық моделі де белгілі бір ғылыми қызығушылық тудырады. Бұл модельде ізденуші тік және көлденең осыте орналасқан 10 элементті жазды, олар өз кезегінде 2 модельді қамтиды: шешім қабылдау моделі және саяси, экономикалық және әлеуметтік - мәдени даму үдерістерінің модельдері.

Диссертациялық жұмыстың қорытындысында зерттеуде қойылған мақсаттар мен міндеттерге жауап беретін ғылыми негізделген тұжырымдармен аяқтаған.

Қорытындылай келе, Сембаева Жансая Сембайқызының «Орталық Азияны біріктіру перспективасында Қазақстан - Өзбекстан ынтымақтастығы» атты диссертациясы жоғарыда аталып өткен сипаттаманы негізге ала отырып «Ғылыми дәрежелерді беру ережелеріне» сәйкестігін растай отырып, «6D020200- Халықаралық қатынастар» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін лайық деп санаймын.

Тұран Университеті,
саяси ғылымдар докторы, профессор
Уранхаева Гульмира Тельмановна

